

***Шаптаева Т., Альджанова Н.К.**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*e-mail: togzhan_07_95@mail.ru

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДІН МЕН МЕМЛЕКЕТКЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мақала қазақ халқының өркендеп, ағартушылық, мәдени жағынан дамуына атсалысқан Алаш зиялыларының қазақ еліндегі дін мен мемлекет қарым-қатынасына деген көзқарасын сипаттайды. Жұмыстың негізгі мақсаты – XX ғасыр басындағы діннің қоғамдағы рөлін анықтап, Алаш зиялыларының дінді дамытудағы үлесін анықтау. Мақалада салыстырмалы әдіс, тарихи-лық принцип т.б. зерттеу әдістері қолданылды. Ғылыми жұмыс ұлттық-демократиялық Алаш зиялыларының дін мен мемлекет арасында белгілі бір шекараның қалағандығын көрсетеді. Оның көрінісі «Қарқара петициясында» анық орын алды. Яғни, мемлекетте тек діни емес, сонымен қатар зайырлы пәндер, мысалы, математика, физика, әлем әдебиеті және т.б. оқытылуы тиіс деп санады. Мұның өзі Алаш зиялыларының қазіргі таңда Қазақстанда орнап отырған зайырлылықтың тұқымын сепкендігін анық көрсетіп отыр. Сонымен қоса мақала Алаштықтардың діннен бөлек ұлттық идеологияға қатысты мақсаттарын айқындайды. Жоғарыда аталған дәуірдегі қазақ елінің арманы тәуелсіз мемлекет құрып, ұлттық идеологияны қорғайтын принциптерді орнату, яғни, қазақ ұлтының мүддесін жақтайтын, ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерді, мәдениет, тіл мен дінді жоғалтпай, біріктіре отырып мемлекеттің негізін құрау болды. Алаш мүшелері сол кезеңдегі большевиктердің негізгі қарсыласы болды. Сондықтан, заң шығарушы, атқарушы, сот жүйесі қамтылған және дін жүйесі ретке келтірілген зайырлы мемлекет құру жолында күрес оңайға соққан жоқ. Зерттеу барысында аталған кезеңдегі қазақ жеріндегі ислам дінінің жағдайы, яғни, христиандалу процесіне қарсы шығып, исламның қаналуын тоқтатуды талап еткен зиялылар қауымының әрекеттері, сонымен қатар тек исламды жақтап қоймай, соның ішінде дүмше молдаларға қарсы шыққандығы көрсетілді. Мақалада сонымен қатар, Алаш зиялыларының дінге қатысты көзқарастары зерделеніп, мемлекеттің дінге ұстанған саясаты мен канондық құқықтың орындалуы сипатталады. Қорытынды бөлімінде Алаш зиялыларының ұстанған нақты принципі анықталды.

Түйін сөздер: Алаш интеллигенциясы, ислам, дін, мемлекет, зайырлылық.

***Shaprtay T., Aljanova N.K.**

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: togzhan_07_95@mail.ru

View of Alash intellectuals of religion and state

The paper reveals the relationship of religion and state of the Kazakh people from a position of Alash intelligentsia, which contributed to the development of educational, cultural activities of the people. The main objective of research is the definition of the role of religion in society and the contribution of Alash intellectuals in the development of religion. The article uses comparative method, the principle of historicism, and other methods. Research paper has shown the desire of the national-democratic intelligentsia of Alash separation boundaries between religion and government. A clear manifestation of this took place in "Karkaraly petition". The intelligentsia believed that the schools in addition to the mandatory religious instruction were supposed to teach secular subjects such as mathematics, physics, world literature, etc. This trend clearly shows the precondition secularism principle that has a place in modern Kazakhstan. This article also shows the goal of creating a national ideology by members of the Alash. The establishment of an independent state, establishing principles that protect the national ideology, i.e. the creation of a state based on the consolidation of traditions and customs, religion and language and culture were the main dream of the Kazakh people of that time. The "Alash" intellectuals were the main

opponents of the Bolsheviks in the early twentieth century. Hence the struggle to create a secular state with a systematic religious system was not easy. In the course of the research there described the state of Islam in the Kazakh steppe in this period: intelligentsia protest against the Christianization of the Kazakh society, the requirements of ending the oppression of Islam, as well as actions against the illiterate mullahs. The article also investigated the views of Alash intellectuals of religion, described the state policy in the field of religion and Canon law. In the final part of the definition of the principle of Alash intellectuals.

Key words: Alash intellectuals, Islam, religion, state, secularity.

***Шаптаева Т., Альджанова Н.К.**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы
*e-mail: togzhan_07_95@mail.ru

Взгляд интеллигенции Алаш на религию и государство

Научная статья раскрывает взаимоотношения религии и государства казахского народа с позиции Алашской интеллигенции, которая способствовала развитию просветительской, культурной деятельности народа. Главная цель научной работы – определение роли религии в обществе и вклад Алашской интеллигенции в развитии религии. В статье были использованы компаративистский метод, принцип историзма и другие методы исследования. Научная работа показала стремление национально-демократической интеллигенции Алаш разделению границы между религией и государством. Явное проявление данного имело место в «Каркаралинской петиции». Интеллигенция считала, что в школах помимо обязательных религиозных предметов положено было обучать светским предметам, таким как математика, физика, мировая литература и т.д. Данное стремление ясно показывает предпосылки принципа светскости который имеет место с современным Казахстане. Также статья выявляет цели создания национальной идеологии членами партии Алаш. Создание независимого государства, установление принципов которые защищают национальную идеологию, т.е. создание государства на основе консолидации традиций и обычаев, религии и языка, культуры были основными мечтами казахского народа того времени. Алашская интеллигенция была главным противником большевиков в начале XX века. Следовательно борьба за создание светского государства с систематизированной религиозной системой была нелегкой. В процессе исследования темы были описаны состояния ислама в казахской степи в указанный период: протест интеллигенции против христианизации казахского общества, требования прекращения угнетения ислама, а также действия против неграмотных мулл. В статье также исследованы взгляды алашской интеллигенции на религию, описаны политика государства в области религии и канонического права. В заключительной части определ принцип алашской интеллигенции.

Ключевые слова: Алашская интеллигенция, ислам, религия, государство, светскость.

Кіріспе

«Алаш-Орда» партиясының саяси сахнада пайда болуына XX ғасырдағы Ресейдегі оқиғалар себепкер болды. Қазақ жерін колониалды жолмен басқару, экономикалық және азаматтық қысым көрсету, еркін түрде көшіп-қонуға ыңғайлы рулық жерлердің тартып алынуы, қазақ мәдениетіне деген жеккөрушілік сезімі, патша администраторларының жауыздығы мен зорлық-зомбылығы оларға қарсылықты туындатты. Оқымаған, қараңғы қазақты патша зорлығынан қорғау көптеген зиялылардың ойларына келді. Ол қозғалыс өз атауын қазақтардың мифтік ханы – Алаша-ханның атымен байланысты болды. «Алаш» атауымен Ресей патшалығының кесірінен жоғалтқан барлық жерлерді бір басшының астына біріктіру. Сонымен қатар, барлық қазақтардың арманы – тәуелсіз мемлекет құрып, ұлттық идеологияны қорғайтын принциптерді

орнату. Яғни, қазақ ұлтының мүддесін жақтайтын, ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерді, мәдениетті, тіл мен дінді жоғалтпай, біріктіре отырып мемлекеттің негізін құрау. Алаш мүшелері сол кездегі большевиктердің негізгі қарсыласы болды. Сондықтан, заң шығарушы, атқарушы, сот жүйесі қамтылған және дін жүйесі ретке келтірілген зайырлы мемлекет құру жолында күрес оңайға соққан жоқ.

Алаш зиялыларының сол кездегі ауыр күрестері тек жер мәселесімен шектеліп қалған жоқ. Кез келген қоғамның моральді-рухани жақтарын реттеп отыратын дін саласы назардан тыс қалған жоқ. Қазақ хандығы құрылғаннан бастап мемлекеттік дінге айналып, қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетіне сіңісіп, дүниетанымға үлкен ықпалын тигізген ислам діні II Екатерина кезінде шетке ысырыла бастады. Қазақ ауылдары арасында христиандыққа өткізу процесі басталды. Христиан дінін қабылдаған

қазақтар сый-сыпатқа ие болып басқа да артықшылардың иелері болды. Бұл Патша Үкіметінің қазақтарға қарсы жүргізілген өте жүйеленген саясаты болды. Себебі, діннен айырылған халық біртіндеп тілден, кейін ұлттық санадан да айырылудың алдында қалады. Сондықтан да, Алаш мүшелері осы саясатқа қарсы шықты. Христиандандыру және исламға қысым көрсету процестерін тоқтату мақсатында 1902-1905 жылдар аралығында зиялылар патша үкіметіне прокламация жазды. Сонымен қатар, қазақтардың араб жазуларымен жазуға тыйым салып, орыс әліпбиінің енгізілуіне де наразылықтарын білдіреді.

Негізгі бөлім

Әлихан Бөкейханұлының сол кезеңдегі айтуы бойынша, прокламацияға байланысты қазақтар арасында сауаты ашық, хат танитындардың бәрін сұрақтың астына алған. Ә.Бөкейхан пікірінше ұлт қайраткерлері екіге бөлінеді: бірінші топ – “батыс дүниетанымын жақын көрушілер”, олар батыс әдебиетін оқып, батыс мәдениетін қазақ халқы арасында таратып, халықтың дамып, көркендегенін көргісі келетіндер. Сол кезекте дінді соншалықты маңызды деп санамай, оны екінші орынға қоюшылар; екіншісі – “дін мен ұлтты бір деп санаушылар”, бұлар – ол дінді әрқашан бірінші орынға қойып отырады, ғылым мен дінді бір деп қарайды. Ұлы қайраткердің пікірі бойынша дінді барынша жақын көріп оны жақын көретіндердің қатары халық арасында басымырақ түседі дейді. Жалпы, батыс мәдениетін көп қолдамаушылық осы уақытқа дейін созылып келген орыстандыру саясатының кесірінен деген де болжамдар бар.

Әлихан Бөкейханов өзінің «Қазақтар» атты еңбегінде Ресей саясатының қазақ даласындағы ислам дініне қарсы жасаған көптеген әрекеттерін жариялап отырды. Ол мынандай деректі жазады: Ақмола облысының бір мұсылман азаматы дінімізді түгенше деген священник қорлады деп Омбы Архипастырына арыз жазады. Ал бұл діни орын: “Батыл арызқой қазақ Түркияда емес, православ-христиан дініндегі Ресейде тұратынын ұмытқан екен. өзгеріссіз қалсын!” деген қарар қабылдайды. Мұның өзі сол уақыттағы қазақ даласындағы діннің қандай жағдайда екендігін көрсетеді [1, 62 б.].

Көптеген деректерге сүйенсек, Алаш мүшелерінің көбісі жәдидизм ағымын қолдаған. Жәдидизм дегеніміз – дін мен қатар батыс әдебиеттерін және зайырлы пәндерді қатар алып

жүру. Яғни, имамдардың айтқаны сияқты басқа ғылымдардың дамуына көз жұма қарап, тек Құран оқи бермеу, ислам мен бірге батыстық ғылымдардың оқылуын да қолға алу. Олардың пікірінше бұл қазаққа, қазақтың діншілдігіне де еш зиянын тигізбейді. Керісінше, дүмше молдалар тек ислам дінін қолдап, «барлық ақиқат Құранда» – деген ұранын тастау арқылы халықты қараңғылыққа итермелей түсуде. Жәдидизм көбінесе түркі тілдес халықтар арасында Алаш зиялыларының заманында тарай бастады [2, 74 б.].

Осыған қарай, Алаш мүшелерінің исламды жоққа шығармай, қолдағанымен, оны бірінші орынға қойған жоқ. Яғни, дін мен билік арасындағы зайырлылықты қалады. Алаштықтардың бұл ойын 1905 жылғы Патшаға жазған «Қарқаралы петициясында» байқауға болады. Ол петицияда Алаштықтар қазақтарды мұсылман деп атауды, мұрагерлік ісін толығымен молда мен шариятқа бағындыруды, дін адамдарын қамтамасыз етуді Қазан мұсылмандарымен теңестіруді, қажылыққа баруға шек қоймауды, қажылыққа барушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, миссионерлерге тыйым салуды, кәметке толмаған жастардың басқа дінге өтуіне тыйым салуды, мешіт пен медресе үшін «Вакуф»қа рұқсат беруді, мұсылман дінбасылары православ қызметкерлері сияқты құрметті болуды, мектептерде мұсылмандық пәндерді міндетті түрде оқытуды, мектептерде христиан діні туралы сабақ оқытпауды, шариятқа сай зектер, пітір және басқада міндетті алымдар кедей оқушыларға беруді талап етті [3, 35 б.].

Жәдидизмнің дамуына И. Гаспринскийдің еңбегі мол деп айта аламыз. Сонымен қатар, Қазанның жаңаша оқығандарының газет-журналдарда жариялаған мақалалары мен жазған оқулықтарын пайдалану арқылы жүзеге асты. Дәл қазіргі күні Қазақстан Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапханасы мен Ұлттық кітапхана қорында И.Гаспринскийдің “Ходжа-и сыбьян” атты әліппесі (Бақшасарай, 1892 және 1902), “Адәб-и Шаркия уа адәб-и ғарбия” атты эстетика туралы кітабы (жылы көрсетілмеген), “Кутиб-хана-и жәдидә” атты библиографиялық анықтамалық сипаттағы еңбегі (Бақшасарай, 1902), “Мәшһүр пайтәхләр” атты тарихи-жағрафиялық анықтамалығы (Бақшасарай, 1901), “Мубад-и тәмәддән исламиян Рус” атты Ресей мұсылмандары мәдениетінің тарихы туралы зерттеуі (Бақшасарай, 1901), “Мир Али Шер Науаи” атты ғұмырбаян очеркі (жылы белгісіз), “Насихат тиббия” атты дәрігерлік (медицина) хақындағы

жиған-тергені (жылы белгісіз), “Татар хаятидан мең икнче кича” атты кітабы (Бақшасарай, 1907), “Тарих әғләмәт уа ихтирәғәт” атты ірі тұлғалар мен оқиғалар туралы еңбегі (жылы белгісіз), “Түркстан ғалимасы” атты ғұламалар жөнінде танымдық еңбегі (Бақшасарай, 1900), “Хукәмай-и ислам” атты мұсылман философтары хақында, “Хукәмай-и юнан” атты грек философтары туралы еңбектері (жылдары белгісіз), “Қырық еді хәдис шәриф” атты жинағы, “Хатунлар дүниасы” атты кітабы (Бақшасарай, 1905), “Кадинлар” (хатун – атақты әйел, кадин – жалпы әйел делінген) атты кітабы, “Қрылов тәмсиләтидән тәржумәләр” атты аудармасы, “Зорәки табиб” атты 3 әктілі комедиясы, “Дар-ур-Рахат мусулманлары” атты көркем шығармасы (бір зертеушілер повесть десе, енді біреулер роман дейді) сақталған [4, 87 б.].

И. Гаспринскийдің осынадай еңбектері, танымдық кітаптары, аудармалары және Ресейлік түрік дүниесіндегі алғашқы бағыты жүйелі «Тәржіман» газеті қайраткердің «Орыс мұсылмандығы», «Орыс–Шығыс келісімі» еңбектерінде айтқан арман-мүддесінің үдесінен шыққанын көрсетеді.

Мысалға атақты «Түркістан ғұламасын» («Түркстан ғалимасы. Туркстәнда етишін ғафан уа машайық дин бағзалары», Бақшасарай: Тәржіман, 1900) алайық. Осы кітабының алғашқы бетінде И. Гаспринский: «Біз Түркістанда туып-өскен ғұламалар туралы білмейміз. Кейбіреулер «мұның керегі не?» деп қарайды. Оқыған азамат бұлай демесе керек. Сол үшін Түркістан мен Мауренахрда туған атақты ата-бабамыз туралы мәлімет беруді көздедік. Еуропа ғылымы өсіп өркендеді, біз қалып қойдық. Сондықтан кемістікті толтырып, мағлұмат беруді қаладық», – деп жазады.

«Орыс мұсылмандығында» еңбегінде айтылғандай, И. Гаспринский қазақ халқының дамуына негіз, немесе тұқым барын жақсы байқаған. Біздіңше, ХХ ғасыр басындағы жәдитше медреселерде ағартушының «Түркістан ғұламасы» сынды танымдық еңбектері шәкірттерге оқуға ұсынылған.

Өзімізге де мәлім Абай сияқты ғұламаларымыздың бәрі дінге жақын болғанымен білімді ешқашан жоққа шығармаған. Керісінше, әрқашан қолдау көрсетіп, басқаларды қараңғы түнектен шығаруға септігін тигізіп отырған. Мысалы, Абай атамыз: «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды», – деп қорытындылағаны белгілі.

Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы да өз еңбектерінде дінге, иманға ақылмен келуді насихаттап отырған. Ол сол кездегі дүмше молдалардың сауатсыздығын, қараңғылығын беттеріне басып отырған. Оның пікірінше, молдалар халықты керісінше оқудан алшақтатып, тек Құрал жолымен жүруге мәжбүрлейді. Шәкәрім Алаш зиялылары сияқты дін мен мемлекеттіліктің зайырлылығын қолдады.

ХХ ғасыр бас кездерінде отарлаушы мен отарланушы қарым-қатынасын «Алаш» ұйымының тағы бір құрметті мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы да зерттеді. Ол: ««Үкіметке керегі – жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу» [5, 132 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы Ресей үкіметінің христиандандыру саясатын бос әурешілік санады. Себебі, ислам діні Қазақ Хандығы пайда болмастан бұрын қазақ даласына келіп, әбден орныққан. Кейіннен қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне зор ықпалын тигізген дін. Оны қазақтардың тұрмысының бөлігі деп айтсақ та болады. Сондықтан да, қазақтарды енді басқа дінге ауыстыру бос уақыт кетіру деп есептеді.

Менде осы жерде Алаш зиялысымен келісемін. Расымен де, ислам қазақ халқының өмірінде ерекше рөл ойнайды. Оны басып тастап, немесе бүкіл қазақтарды христиандыққа өткізу оңай шаруа емес, тіпті мүмкін емес.

Әйтсе де, ол ұлттық құндылық, мәдениетіміз ретінде сақталғаны жөн. Оның мемлекет басына шығып билікті қолына алу біздің зайырлылығымыздан айырыламыз дегенді білдіреді. «Алаш» партиясы мүшелерінің де түпкі мақсаты осы болды. Діни сфера маңызды, оны дамытып, қазақтарды ислам дінінде қалдыру, екінші жағынан білім саласында батыстық мәдениетті, батыс үлгілерін, зайырлы пәндерді оқыту болды.

1917 жылы «Алаш» партиясының бағдарламасы ұсынылды. Ол бағдарламаның төртінші бөлімінде қазақ қоғамындағы діни жүйе қалай болу керектігі сипатталынып береді. Бағдарламада: «Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кірушыға жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы» деген құқықтық норма көрсетілді. Бағдарламадағы «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы» деген норма зайырлықтың негізгі белгісі екендігін көрсетіп тұр.

Сонымен қатар, «Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы» деген пункттер «Алаш» партиясының қалай дегенімен исламға артықшылық беріп отырғаныдығын айқындай түседі. Сонымен қатар ол тарауда: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы» деген құқықтық норма көрсетілді. Бағдарламадағы «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы» деген норма зайырлылықтың негізгі принципі екені белгілі. Әйтсе де, «Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы» деген нормалар «Алаш» партиясының зайырлылықтың преференциялық үлгісін таңдағанын көрсетеді.

«Алаш партиясы» көп ұзамай осы жылдың желтоқсан айында «Алаш орда» өкіметін құрды. Сол кезде Орынбор муфтилігінде Ғұмар Қараш қазаққа бас қазі болып сайланды. Алаш қайраткерлері өкіметтің Бас уәкілдігі жанынан діни істермен айналысатын жоғары инстанция құруды қолға алды. Бірақ, Ресейде күш алған большевиктер үкіметі «Алаш орда» үкіметі реформаларының іске асуына кедергі келтірді. Алаштан өзге қазақ даласында жұмыс істеген «Үш жүз», «Шура-й улема», «Шура-й ислами», «Большевик» секілді саяси күштер халықты

алты алауыз күйге түсірді. Мұның бәрі «Алаш» идеясының жолын кесті [6, 63 б.].

Қорытынды

Өкінішке орай, «Алаш партиясының» алдына қойған саяси мақсаттары толығымен орындалмады. Оған большевиктердің күшеюі кедергі болды. Бірақ, осыған қарамастан Алаш қайраткерлері тәуелсіз, зайырлы мемлекеттің болашақ тұқымын сеуіп кетті. Ол тұқым көшет болып, қазір гүлдеп, тамыры әзірге терең жайыла қоймаса да, биік ағашқа айналды. Бүгінгі күнгі көптеген дін конфессияларын тұрақтандырып, діни алауыздыққа жол бермей, дін мен мемлекет арасындағы тыныштықты сақтап, зайырлылықтың үлгісі болып отырған мемлекетіміздің жетістігіне Алаш мүшелерінің қосқан үлесі мол деп сенімді айта аламыз.

Қорытындылай келе Мұхтар әуезовтың сөзін келтіре кетсек: «Қазақ өз басшысының етегінен мықтап ұстап, білімді көсемін ақ батасын беріп аттандырып, соның тілегіне алты алаш болып алақанын жайып, тілек қосып, дұғада отыр. Міне ояну, міне тіршіліктің қуаты сілкініп дүниені сергітуге айналғаны. Жә, қазақтың сол баста деп алдына салып отырған көсемі кім? Ол – қазақтың оқыған азаматтары, зиялылары. Енді бұдан кейінгі қазақ жұртының күзетшісі осы оқыған азамат. Бұдан былай қазақ жарға жығылса обалы, жақсылыққа жетсе мақтаны – оқыған азаматта».

Әдебиеттер

- 1 Михайлов М.Т. Курс лекций по истории Казахстана (История Казахстана с древнейших времен до наших дней) [Текст] / ред.: М. Ф. Косых, М. Т. Михайлов. – Петропавловск : СКГУ им.М.Козыбаева, 1998. – 296 с. – 100 т. ББК 63.3 (5Каз);
- 2 Қойшыбаев Б. Рух-Сарай. // 1–4-томдар. – А., 2004–2010;
- 3 Қойшыбаев Б. Алаш жолы. Рисәлә. – Алматы: «Қаратау КБ»; «Дәстүр» баспасы, 2015. – 400 б.;
- 4 Байтұрсынұлы А. – «Алаш» қозғалысы. – Алматы: 2008. – 150 б.;
- 5 Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Мектеп», 2009. – 280 б.;
- 6 История Казахстана и Центральной Азии. Уч. пособие / Отв. ред. М. Х. Абусейи–това, Н.Э. Масанов, А.М. Хазанов. – М., 2001. – 600 с.

References

- 1 Mikhailov. T. Kurs lektzii po istorii Kazahstana (Istoria Kazahtana s drevneishih vremen do nashih dnei) [Text] / editor: M. F. Kosykh, M. T. Mikhailov. – Petropavlovsk: MG Kozybaeva, 1998 – 296 p. – 100 tons. BBK 63.3 (5Kas);
- 2 Koishibayev B. Ruh-Saray. // volumes 1-4. – A., 2004-2010
- 3 Koishibayev B. Alash Zholy. Risalâ. – Almaty: «Karatau CB»; «Dastur» baspasyhing, 2015. – 400 s.;
- 4 Baitursynov A. – Alash qozgalysy. – Almaty: 2008. – 150 b.;
- 5 Isimakova A. Alash adebiettanuy. – Almaty: “Mektep”, 2009. – 280 s.;
- 6 Istoria Kazahstana I Tsentralnoy Asii, Ych. Posobie / Otv. Red. M. X. Abusheitova, N. E. Masanov, A.M. Khazanov. – M., 2001. – 600 s.